

FTAMP 03.09.55

<https://doi.org/10.26577/JH20251199>**М. Бисембайұлы** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: bissembaiuly7776@mail.ru

КЕҢЕС ОДАҒЫ ЖӘНЕ ПОЛЬША РЕСПУБЛИКА ЕЛШІЛІГІ ӨКІЛДІГІ: БОСТАНДЫҚ ҮШІН КҮРЕС.

Мақалада мәжбүрлеп қоныстандырылған поляктардың Екінші дүниежүзілік соғыс уақытында жазған арыз-шағымдары, наразылықтары, көрген теңсіздігі мен әділетсіздігі, кеңес билігімен және Польша Республикасы Елшілігі өкілдігімен қарым-қатынасы талданып, Кеңес Одағындағы әміршіл-әкімшіл жүйесінде Елшілік өкілдігінің әртүрлі саяси тетіктерді пайдалана отырып, поляктардың саяси-әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған жемісті еңбектері талқыланады. Шетелдік және отандық тарихнамада Кеңес Одағындағы бұл ұйымның елдің дамуына қосқан үлесі зерттеліп, сыни тұрғыдан қарастырылмады. Соғыс жағдайына байланысты назарға ілінуге лайық біраз саяси оқиғалар болғандықтан, кеңестік жүйеде шетелдік саяси билік органының өмір сүруі жеткілікті деңгейде бағаланбады. Мұрағат құжаттарын зерделей отырып, бұл ұйымның кеңестік жүйенің саяси тиімсіздігі, олқылықтары мен қайшылықтарын әшкерелегеніне назар аударуға болады. Мұрағат құжаттарына дереккөздік талдаумен қатар, салыстырмалы-тарихи, мәселелі-хронологиялық және жинақтау әдістері қолданылды. Кеңес билігі мен Елшілік өкілдігі арасындағы қарым-қатынасты саралау үшін институционалдық әдіс пайдаланылды. Елшілік өкілдігінің поляк ұлтына қатысты барлық мәселелерді шешіп, саяси өмірге араласа бастауы елшілік өкілдігі қызметкерлерінің қудалануына алып келді. Бұл репрессиялық іс-шаралардың жүзеге асырылуы поляк ұлтының еркіндігі мен саяси бостандығын шектеп, жоюға бағытталған қадамдары болды деген тұжырымдама жасалды.

Түйін сөздер: еріксіз көшіру, Польша Республика Елшілігі өкілдігі, саяси көзқарас, қамқоршылық ұйымдар, тыңшылық.

M. Bissembaiuly

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: bissembaiuly7776@mail.ru

The representative office of the Polish embassy in Kazakhstan (1941–1943): the social conditions of the polish population and the soviet control policy

The article analyzes the inequality and injustice of internally displaced Poles during World War II, complaints, protests and their relations with the Soviet government and the representative office of the Embassy of the Republic of Poland, and discusses the fruitful work of the representative office of the Embassy of the Republic of Poland in the Soviet Union, which used various political mechanisms aimed at improving the political and social situation of Poles. In foreign and domestic historiography, the role of this organization in the development of the country has not been adequately studied or critically evaluated. Due to a focus on individual political events related to the war, the presence of the foreign political authority within the Soviet system has not been fully appreciated. The analysis of archival documents reveals that this organization played a significant role in exposing the inefficiencies, gaps, and contradictions within the Soviet system. Along with the source analysis of archival documents, comparative historical, problem-solving, and synthesis methods were employed. The institutional method was used to analyze the relationship between the Soviet government and the representative office of the Embassy. The resolution of numerous Polish issues by the representative office of the Embassy of the Republic of Poland and their involvement in political life resulted in persecution of their employees. In summary, such repressive measures were aimed at suppressing and eliminating the political freedom of the Polish people.

Keywords: forced eviction, the representative office of the Embassy of the Republic of Poland, political views, trustee organizations, espionage.

М. Бисембайұлы

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
e-mail: bissembaiuly7776@mail.ru

**Представительство польского посольства в Казахстане (1941–1943):
социальное положение польского населения и политика советского контроля**

В статье анализируются неравенство и несправедливость, с которыми столкнулись насильственно выселенные поляки во время Второй мировой войны, жалобы, протесты и их отношения с советской властью и представительством Посольства Республики Польша, а также обсуждаются плодотворные работы представительства Посольства в Советском Союзе, использовавший различные политические механизмы, направленные на улучшение политического и социального положения поляков. В зарубежной и отечественной историографии вклад этой организации в развитие страны не достаточно изучался и рассматривался критически. Из-за сосредоточения внимания на отдельных политических процессах, связанных с военной ситуацией, наличие иностранного политического органа власти в советской системе было недостаточно оценено. Изучая архивные документы, можно обратить внимание на то, что эта организация смогла обнажить политическую неэффективность, пробелы и противоречия советской системы. Наряду с источниковым анализом архивных документов применялись сравнительно-исторический, проблемно-хронологический и обобщающий методы. Институциональный метод использовался для анализа отношений между советской властью и Представительством Посольства. Разрешение огромное количество вопросов поляков Представительством Посольства Республики Польша и их участие в политической жизни привели к преследованиям их сотрудников. Подытожено, что такие репрессивные меры были направлены на подавления и искоренения политической свободы польской нации.

Ключевые слова: принудительное выселение, представительство Посольства Республики Польша, политические взгляды, попечительские организации, шпионаж.

Кіріспе

Кеңестік Қазақстанға еріксіз көшірілген халықтардың бірі – поляктар. Көпшілік қазақстандық ғалымдар поляктар поляк болғандықтан ғана солақай саясаттың құрбаны болғандығын дәлелдеуге тырысады. 1936 жылы 60283 поляктар, 1940 жылы 66072 және 1941 жылы 15679 поляктар Қазақстанға депортацияланған (Жұматай, 2024: 424). Отандық зерттеушілердің арасынан Г.К. Көкебаева мен А.М. Сманованың зерттеу жұмыстарын ерекше атап өткен жөн. Бірнеше рет жүргізілген көші-қонның ішінде 1936 жылдың қыркүйегінде орын алған көші-қон арнайы қоныс аударушылардың санымен ерекшеленеді. 14 048 отбасы, яғни 63 976 адам Кеңестік Қазақстанға қоныс аударылса, оның ішінде Алматы облысына 650 отбасы көшіріліп, оның 250-і Талдықорғанда, 150-і Қараталда, 350-і Іледе жайғасты (Көкебаева, 2013: 65).

Баспанасыз жүрген, тамақсыз жол жүріп, бас сауғалап жүрген бейбақ жандарды кеңес билігі антикеңестік үгіт-насихат жүргізді деп айыптап, олардың келісімінсіз оларды ауыр жұмысқа жегіп, жалақыларын уақытында төлемей, еңбектерін қанайтын (Жұматай, 2024: 432). Қазақстанға поляк арнайы қоныс аударушылары, соғыс тұтқындары, поляк әскери офицерлері әртүрлі

уақытта қоныстанса да, көрген теперіштері мен саяси құқықтарының қорғалуы бір деңгейде болған. Өз мүдделерін қорғау үшін аталған қоныс аударушылар кеңес органдарымен тығыз байланыста болды.

1940 жылы 7 наурызда Батыс Беларусь пен Батыс Украинадан соғыс тұтқындарын Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасына мәжбүрлеп көшірту туралы Лаврентия Берияның қаулысы шықты. Өз үйінен Қазақстанға көшуге 10 күн уақыт беріліп, әр отбасы мүшесі 100 кг-ға дейін жүкті өзімен ала алды.

Қазақстанда бір жұмыс күнінде қоныс аударушыларға тек екі жүз грамм бидай берілді. Олар келген кезде қолайсыз баспана мен азық-түлік тапшылығы оларды ауруға шалдықтырды. Көптеген адамдар суықтан және аштықтан қайтыс болды. Мысалы, Ішкі Істер Департаменттің дерегінше, 1944 жылы елде 144704 адам аштық пен суықтан өлді (Енсенов, 2022: 671).

Осындай жағдайда КСРО жерінде Польша Республикасы Елшілігі өкілдігі құрылды. Бұл шетелдік билік органы поляк халқына пана болып, олардың құқықтарын қорғау үшін құрылған еді. Олар әлеуметтік-экономикалық мәселелерді батыл көтеретін. Шетелдік билік органының Кеңес Одағы сынды әміршіл-әкімшіл жүйеге сүйенетін мемлекетте құрылуы таңғаларлық жайт.

Отандық тарихнамада тарихымыздың осы беттеріне жеткілікті деңгейде мән берілмеуде.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында салыстырмалы-тарихи, мәселелі-хронологиялық, тарихи талдау және жинақтау әдістері қолданылды. Бұл тәсілдер 1936–1941 жылдар аралығында күштеп қоныстандырылған поляктардың саяси-құқықтық жағдайындағы өзгерістерді айқындауға мүмкіндік берді. Дереккөздік әдістің қолданылуы мұрағат құжаттарын жинақтап, оларды мазмұндық тұрғыдан сараптауға жол ашты.

Мұрағат материалдарында көші-қон үдерісін реттеу, арнайы қоныс аударушыларды орналастыру, олардың қозғалысын бақылау мен шектеу мәселелеріне қатысты директивалық құжаттар кеңінен көрініс тапқан. Бұл құжаттар кеңестік биліктің поляк халқын басқарудағы саясатын ашып көрсетумен қатар, олардың қоғамдық өмірге қатысу белсенділігін айқындайды. Сондай-ақ Польша Республикасы Елшілігі өкілдігімен орнаған қарым-қатынастың күрделі сипаты байқалады.

Елшілік өкілдігінің қызметі мектептер, балабақшалар мен асханалар ашылып, мәдени-ағартушылық шараларды ұйымдастыру арқылы поляктардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталды. Дегенмен бұл қызмет кеңестік билік тарапынан қатаң бақылауға алынып, тосқауыл жасауға себеп болды. Кеңес органдарының Елшілік өкілдігімен қарым-қатынасы зерттеудің негізгі өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Өкілдіктің сенім білдірілген тұлғалары кейде өз өкілеттілігінен тыс іс-әрекеттерге барғаны үшін жергілікті билік тарапынан қатал сынға ұшырап, қуғын-сүргін көрді. Бұл жайт кеңестік органдардың поляк тұрғындарына қатысты екіұдай саясат ұстанғанын, яғни, бір жағынан поляктардың әлеуметтік жағдайын арттыруға тырысқанын, екінші жағынан, саяси бақылау орнатып, қысым жасауға тырысқанын айқын аңғартады.

Ғылыми еңбектерді талдау осы екіұшты саяси жағдайдың күрделілігін көрсетеді. Қазақстанға мәжбүрлеп көшірілген поляктардың ахуалы Көкебаева мен Сманованың (Көкебаева, 2013) еңбегінде баяндалса, Губайдуллина, Исова және Кульбаеваның (Губайдуллина, және т.б., 2020) мақаласы Польша Республикасы Елшілігі өкілдігінің қызметіне арқау болған. Кенебаева Делегатура қызметінің мазмұнына тоқталса (Кенебаева, 2020), Легкий мен Логвинчук

(Легкий, 2024) және Легкий, Хазбиевич, Беркимбаеваның (Легкий, және т.б., 2021) бірігіп жазған ғылыми мақаласында Қостанайдағы мұрағат көздеріндегі поляктардың Польша Республикасы Елшілігі өкілдігімен қарым-қатынасын нақтылай түседі.

Қазақстан Республикасының Президенттік архивіндегі құжаттарда күштеп қоныс аударылған поляк жұмысшыларының кеңес үкіметіне білдірген наразылықтары және кеңес басшылығының поляктардың саяси көзқарастарына жағымсыз баға беруі талданса (ҚР ПА), Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіндегі құжаттар поляк делегатурасының астыртын іс-әрекеттері мен кеңес органдарының поляктарды жазалау шараларынан құнды мәліметтерді ұсынады (ҚР ОМА).

Нәтижелер мен талдаулар

Кеңес Одағында жапа шегіп жатқан поляк халқына пана болып, мүдделерін қорғау үшін эмиграциядағы Польша үкіметі Кеңес Одағымен байланыс жасап, екіжақты келісімге келді. 1941 жылы 30 шілдеде екі ел Сикорский-Майский пакті деген атаумен тарихта қалған бір-бірін мойындау жөнінде екі жақты келісімге келеді. Сол жылдың қыркүйек айында Польша Республикасы елшілігі Мәскеуде ашылды. Елшілік кейін Куйбышев қаласына көшті. Қазіргі Орынбор облысындағы Бұзылық қаласындағы поляк халқының мүддесін қорғайтын арнайы делегатура орналасқан. Рақымшылық жарияланған поляктарға көмек беру үшін елшілік делегатура, сенім білдірілген тұлғалар мен оларға бағынышты қызметкерлер арқылы қызмет көрсету жүйесін енгізді. Кеңес Одағында есіктері айқара ашылған 19 делегатураның 9-ы Қазақстанда қызмет етті. Польша делегатуралары Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Шымкент, Тараз, Қостанай, Павлодар, Қызылжар мен Семейде орналасты. Делегатура Ақмолада 1942 жылдың қаңтарынан маусымына дейін поляк балаларына 247 778 рубль жәрдемақы, 833 рубль медициналық көмек, 2987 рубль тамаққа, 37559 рубль қамқоршылық мекемеге материалдық көмек берді. Делегатура 42 облыспен қалада 304 сенім білдірілген тұлғалар арқылы жемісті қызмет ете білді (Худзио, 2015: 14-15).

1941 жылы 28 қазанда Ташкенттен Алматыға келген Польша елшілігінің қызметкері Казимир Венцек келіп, Қазақстандағы ресми органдар елшіні қабылдау керек еді. Бұл іспен айналысуға

Сыртқы Істер Халық Басқармасы, Қазақ КСР әскери комиссариаты, Ішкі Істер Халық Комиссариаты және Компартияның Орталық Комитеті Хатшылығының уәкілеттілігі болатын. Алайда кеңес билігі аталған органдардың қайсысы елшіні қабылдау қажеттілігін түсіне алмады. Соған орай, елшіні ресми түрде қабылдап, елшілік қызметін бекіту 3 айға созылды. Әр тарап саяси жауапкершілікті бір-біріне артып, ақыры кеңес билігі қай орган елшіні бекіту қажет екендігін білмеді (Губайдуллина, 2018: 35-36).

Ақыры КСРО Сыртқы Істер Халық Комиссариатының Қазақстан КП (б) К ОК хатшысына жазған 1941 жылы 28 қазандағы телеграммасында Алматыда Польша Республикасының елшілігін ашуға рұқсат берді. Төрағасы – Казимир Венцек болса, Вольский Ян Юльянович – жалпы бөлім меңгерушісі, Сильвестр Антонович Бартеквич – төлқұжат бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Басқа қызметкерлер де бұл жұмыс орнында сүбелі қызмет атқарды (Губайдуллина, 2020: 89). Осы орын алған саяси абыржушылық кеңес билігінің шетелдік органдармен байланыс орнатудың жүйелі қағидасы мен тәжірибесі болмағандығын аңғартады. Кеңес билігі басқа елдің азаматтарын ішкі аудандарға қоныс аудартқанда, олардың мүдделерін қорғайтын шетелдік ұйымдардың боларын еш күтпеген я қандай да бір жоспарлы мақсат қоймады деп тұжырымдауға болады.

1942 жылғы 3 ақпанда Казимир Венцектің Іле ауданы коммунистік партиясының төрағасы Юртаевқа жазған хатында поляк мүгедектеріне баспана және азық-түлік беруге жағдай жасап беруге өтініш жасайды. Оның мәліметінше, Іле ауданында тұратын 700 поляктың 450-і ғана еңбекке жарамды. Алматы ауданында 300 адамның 190-і, Қаскелеңде 150 адамның 120-сы, Жамбылда 150 адамның 110-ы, Еңбекшіқазақ ауданында 60 адамның 50-і, Қаратал ауданында 400 адамның 280-і, Талдықорғанда 150 адамның 120-сы, Бөрілітөбе ауданында 50 адамның 30-ы, Ақсу ауданында 50 адамның 30-ы, Қоғалыда 50 адамның 28-і, Шілікте 150 адамның 102-і қоғамдық жұмыс жасауға күш-қайраты жетеді. Бұл статистикаға қарап, мүгедектердің саны Іле ауданында басым екенін көре аламыз.

Кеңестік Қазақстанда Польша Республикасы Елшілігі өкілдігінің білек сыбана кірісіп, араласуымен 200-ден астам түрлі қамқоршылық ұйымдар жұмыстарын бастады. Поляк азаматтарына медициналық көмек көрсетілді, 21 амбулатория мен 35 медициналық пункт жұмыс істеп,

онда 100-ден астам адам жұмыс істеді (Губайдуллина, 2020: 91-92).

Делегатураның қызметкерлері Алматыда ғана емес, Қазақстандағы көпшілік қалаларда қызмет етті. Ақтөбедегі поляк Делегатурасы 11 адамнан тұрды. Қызметі бойынша қызметкерлердің лауазымына тоқталсақ: Мускус Урсула – делегат, Керский Збиднев – хатшы, Букиневич Анна – кассир, Хрептович Ольга – әскери референт, Ляпович Кароль – станса кезекшісі, Ляпович Ян – станса кезекшісі, Чучкевич Орест – станса кезекшісі, Капуста Ян – капитан, Скопович Ипполит – әскери дәрігер, Блошак Юзеф – шабарман болды (Степаненко, 2015: 40).

Кеңес Одағына елшіліктің осылайша елдің ішкі жағдайына белсене араласқаны ұнамағанға ұқсайды. КСРО Польша Республикасы Елшілігі өкілдігін елшілік қызметтегі азаматтар деп мойындаудан бас тартты. Бірақ бұл саясатты жүзеге асырудағы ең маңызды қадамы деп «КСРО СІХК-нің поляк өкілдерінің өкілеттігін асыра пайдалану туралы» 1942 жылғы 25 сәуірдегі дөңгелек хатын айтуға болады, оған Сыртқы Істер Халық Комиссары орынбасары А.Вышинский қол қойды. Бұл хатта кеңес басшылығы КСРО аумағында орналасқан Польша азаматтарының мәртебесіне жаңа түсінік берді.

1939 жылдың 2 қарашасына дейін Батыс Украина мен Батыс Беларусь елінде тұрған украиндықтар, еврей және басқа ұлт өкілдері поляк азаматтары деп танылып, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1939 жылғы 29 қарашадағы Жарлығына сәйкес енді КСРО азаматтары болып саналады деген қаулы шығарылды (Абуов, 2023: 148). Бұл өз кезегінде Кеңес Одағының ел ішінде басқа елдің азаматтарының болуына барлық тыйым салуға тырысқандығының айқын белгісі. Аталған халықпен кеңес билігі мәжбүрлеп көшіруден бастап, ауыр жұмысқа жегу сынды әртүрлі әрекеттерге баруға еркіндік берді.

Кеңес Одағының қысымына қарамастан Куйбышевтағы елшілік поляк халқына көмек ретінде 16 334 278 рубль бөле алды. 1943 жылдан бастап кеңес билігі барлық қамқоршылық кеңестерді алып тастап, тікелей кеңестік органдарға бағындырды. Қызметке этникалық поляктарды емес, кеңес азаматтарын алатын болды (Попечительская, 1996: 369).

1941 жылы желтоқсанның 4-ші жұлдызында Қазақ КСР ХКК төрағасы Нұртас Оңдасыновтың Қостанай облысының кеңестік атқару комитетінің төрағасы Керімбаевқа Польша Республикасы Елшілігі өкілдігінің Қостанай облысындағы

қызметі жөнінде есеп беруге міндеттейді. Хатта өз еркімен бір жерден екінші жерге поляктар көшіп-қонуға тыйым салу қажеттілігі айтылды. Көшіп-қону үшін арнайы поляк қоныстанушылары елшіліктің ұйымдастыруымен және кеңестік билік органдарының мақұлдауымен жүзеге асыруға тиісті деп жазылған (Легкий, 2021). Осы хаттан кеңес ұйымдарының поляк халқының қозғалыс бостандығын шектеу арқылы өз қарамағына қаратуға тырысқанын ұғуға болады. Кеңес билігі саяси арнайы қоныс аударушылардың ең алдымен кеңестік билікке бағынатынын, кейін ғана елшілік өкілдігінің жоспары арқылы қоныстана алатындығын ескерту арқылы шынайы билік кеңес ұйымдарында екенін басып айтпақ болды.

Кеңес билігіне елшіліктің поляк халқының әлеуметтік-саяси және мәдени жағдайын арттырып, білім ордаларын ашып, көмек бергені, оларды басқа кеңес азаматтарынан оқшаулатып, жеке дара халық ретінде ұстауы еш ұнай қоймады. Көп ұзамай елшілікпен қалай сөйлесу керек, қалайша қарым-қатынас орнату керектігі жөнінде Қазақ КСР ХКК төрағасының орынбасары Н.Бабкиннің Қостанай Облыстық атқару комитетінің депутаттар Кеңесінің төрағасы Д.Керімбаевқа хаты келеді. Онда елшілік өкілдерінің міндеті мен құзыретіне кірмейтін істермен айналысып, Алматы, Семей мен Павлодардағы өкілдер “Жарғыдан” тыс істермен көрініп, кеңестік ұйым қызметкерлерімен кездесіп, сыйлық алмаса алмайтыны баса айтылды. Хатта бұл өкілдердің дәріхана мен шеберхана сияқты қоғамдық маңызды орындарды ашуға уәкілеттілігі жоқтығы айтылып, өкілдік Германияға қарсы соғысқа көмек беру керектігі, өкілдіктегі қызметкерлер туралы сипаттама және поляк халқының кеңес билігіне қатысты саяси көзқарасын жазу бұйрылды. Поляктардың жұмысқа шығуын тексеріп, шықпай қалу себептерін анықтау тапсырылды. Ең бастысы поляктардың елшілік өкілімен не тақырып жайында сөйлесетінін, арызшағымдардың бар-жоғын, кикілжіңдерді реттеу жолдарын толықтай бақылап, Халық Комиссарлар Кеңесіне елшілік жайында барлық маңызды ақпараттарды жеткізу маңыздылығын атап өтті (Легкий, 2021: 138).

Қазақ КСР ХКК төрағасының орынбасары Н.Бабкиннің 1942 жылы 10 ақпанда Қостанай Еңбекшілер Депутаттарының Облыстық Атқару Комитетінің төрағасы Керімбаевқа елшілік өкілдерінің мекенжайы мен қызмет ету аудандарын жазуды тапсырады. Өкілдерге азық-түлік

карточкасын уақытша бермей, поляктардың көші-қонын реттеуді ІІХК өз мойнына алатынын баяндаған. Осындай түрлі қысымдарға қарамастан, елшілік әлеуметтік-экономикалық әрі саяси ахуалды көтеруден тайынбады. 1942 жылғы 14 ақпандағы Польша Республикасы Елшілігінің өкілі Эрнст азық-түлік тапшылығы, антисанитариямен қатар, медициналық көмектің берілмейтіндігі және арнайы қоныс аударушыларды пәтерлерінен қуу белең алғанын күйінішпен жазады. Әлеуметтік теңсіздіктің терең бойлағанын ескерткен ол, жағдай осылай жалғасып, ушықса, поляктарды армияға шақыруды күн тәртібінен алып тастауға мәжбүр болатынын жеткізді (Легкий, 2021: 134).

Бұл мәселелермен қатар жетім балаларды эвакуациялау мәселесі де көтерілген. 1942 жылы 12 қарашада болған әңгімеде елші Т.Ромер А.Я. Вышинскийге поляк жетім балаларын Кеңес Одағынан эвакуациялау туралы сұрақ қойды. Кеңес Одағында 90 мың бала бар, оның 29 700-і жетім екендігі айтылды. 19 мың адамды эвакуациялау қажеттілігі айтылды. Алайда поляк балаларын мәжбүрлі түрде көшірткен жағдайда поляктардың ренішін білдіру мүмкін деген жауап келіп, тек 600 баланы көшіруге рұқсат берілді (Иванов, 2012: 46).

РКФСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы нақты мәселелерді шешу үшін 1943 жылдың маусым айының соңында ағарту халық комиссарының орынбасары Г.И. Иваненконың төрағалығымен поляк балаларының істері жөніндегі арнайы комитет құрылды. Комитет жұмысына поляк азаматтары да тартылды. Комитеттің қарамағында мектепке дейінгі мекемелерді, балалар үйлерін, мектептерді ұйымдастыру мен ұстаудың барлық мәселелері, техникалық білім беру желісі, сондай-ақ поляк мұғалімдерін даярлау және поляк тілінде оқулықтар шығару мәселелері болды.

1943 жылы КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің арнайы қаулысына сәйкес мемлекеттік жүйеге келесі поляк қайырымдылық мекемелері қабылданды: 65 балалар үйі (4411 адам), 68 балабақша (3419 адам), 2 бөбекжай (81 адам), 29 мектеп (1700 адам), оның ішінде 1000 қызмет көрсетуші қызметкер. Осы деректерді ескере отырып, 1944 жылғы 5 сәуірдегі жағдай бойынша мекемелердің жалпы саны 142 балалар үйі, 246 балабақша және 64 мектеп болды. Сонымен қатар, 124 балалар кітапханасы мен мектептен тыс балалар клубы болды. Аталған мектептер мен балабақшалар Кеңестік Қазақстандағы

поляктардың Польша Республикасы Елшілігі өкілдігімен қарым-қатынасынсыз салынуы мүмкін емес еді. Кеңес Одағындағы бөгде ұлттарға осындай мөлшерде салынған бірде-бір саяси жоба жасалмаған еді.

1943 жылы 27 қыркүйекте Кеңес Одағында 589 поляк қайырылымдылық мекемелері ашылғандығы мәлімделді. Поляк тарапы Кеңес үкіметінің зиянды істерін әшкерелеуге тырысты. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан үйлердің бірінде поляк өкілдері балаларды материалдық көмек алу мақсатында Ұлыбритания мен Америкада тұратын бай поляк эмигранттарына хат жазуға мәжбүр етті.

Польша Республикасы Елшілігі өкілдігі кеңес үкіметінің поляктардың әл-ауқатын еш жақсартпай, ауыр халде ұстайтынын Ұлыбритания сынды шетелдік елдерге көрсеткісі келді. Сол үшін поляктардың сондай мәндегі хаттарды жазуына мүдделі болды. КСРО Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары В.Н. Меркуловтың 1942 жылғы 3 қарашадағы А.Я. Вышинскийдің атына жазған хатында поляк азаматы Колачектің поляк балаларына жазған хатымен ұсталғаны туралы хабарланды, онда олар байқау ұйымдастырудың атын жамылып, Кеңес Одағындағы өмірлерін сипаттауға міндеттелді. Байқауда балалардың хаттарында негізінен Кеңес Одағындағы адам төзгісіз өмір сүру жағдайларын атап өтуді ұсынды (оның 142 осындай хаты бар). Хаттардың көпшілігі ересектердің бұйрығы бойынша жазылған (Иванов, 2012: 47-48). Бұндай хаттардың табылуы, Елшілік өкілдігінің кеңес билігіне деген ашық наразылығы кеңес билігіне поляк белсенді қызметкерлерінің қызметін шектеуге сылтау болды.

Мұрағат құжаттарында КСРО Сыртқы Істер Халық Комиссарының орынбасары А.Вышинскийдің 1942 жылы 25 сәуірде жазған хаты көзге түседі. Ол елшіліктің түрмеге түскен поляктарды босатуға тырысып, арыз хат жазатынын, онымен қоса, елшілікте Польшаның туын ілетіндігін ызалана жазады. Осының бәрін жаза келе, мұндай әрекеттерге тыйым салу қажеттігін атап көрсетеді. Бұдан биліктің поляк халқының еркіндікке деген ұмтылысын барынша шектеуге тырысқанын көре аламыз (Легкий, 2021: 140).

Кеңес билігі поляк халқының әлеуметтік мәселесін шеше алмағандығына қарамастан, үлкен талаптар қойды. Артық жұмыс жасап, жоспардан жоғары нәтижеге қол жеткізуді міндеттейтін. Соғыстың алғашқы жылдарында рухтанып, қанаттанып, соғысты жылдам аяқтауға

тырысқан поляктар аса белсенділік танытып, қайрат-жігерін көрсеткен еді. Алайда, соғыс тез бітпейтінін түсінген олардың еңбекке деген ынта-ықыласы азаюы табиғи жағдай. Бірақ “Алтайзолото” тресінің директорларының Шығыс Қазақстан облысындағы Поляк армиясының өкілі Крижановскийге жазған “поляк жұмысшыларының көңіл-күйі туралы” атты 1942 жылғы ақпанның 21-нде жазылған хатында поляктардың еңбек өнімділігінің азайғандығына алаңдаушылығы білінеді. Поляктардың арасындағы әскери міндеттілер әскерге тіркеу күндерінде жұмысқа шығудан бас тартып, майданға көмекке тамақ беруге де қарсылық танытып, ондай көмекті үкімет беру керек деп мінез танытқандығын баяндайды. Олар поляк жұмысшыларының еңбек өнімділігі 1941 жылдың соңында 100 % болса, 1942 жылдың ақпанында 80 %-ға азайғанын жеткізіп, поляктардың осындай қарым-қатынасы соғыста жеңіске жетуге деген ортақ тілекке балта шауып, шын мәнінде, жаудың пайдасына жұмыс істейтінін, бұны өзгерту қажет екендігін ескертеді (АПРК. Ф. 708. Оп. 6/2. Д. 117. Л. 115.).

Поляктардың мүддесін қорғаған белсенді азаматтардың бірі – Мечислав Романьский еді. Ол Қостанайдағы Польша Республикасы Елшілігінің өкілі болатын. Қостанай облысындағы ПХҚБ басшысының төрағасы, Мемлекеттік Қауіпсіздіктің лейтенанты Рупасов Романьскийді штатта 5 адамның орнына 10 адамды қызметке алып, Пешковский, Тарановский сынды аудандарда католиктерге арналған мінәжат ету орындарын ашып, әскерге поляктарды тіркеуге қарсылық танытып, кейбір поляктарды жасыратындығы және Қостанай қаласында 6-сыныпқа дейінгі бастауыш мектептер мен гимназияларды салғаны үшін айыптады.

Мечислав Романьскийге кеңес билігінің қырғидай тиіп, мазалауының себебі бар. 1888 жылы туылған Львов қаласының тумасы капитан атағы бар Романьский Мечислав Францишкович 1942 жылы 23 шілдеде тұтқындалғанға дейін Қостанайдағы Польша Республикасының Қостанайдағы елшілігінде қызмет атқарды. 1940 жылы шекарадан заңсыз өтуге тырысқандықтан тұтқындалды. Жасалған рақымшылықтың арқасында әскери борышын қазақ жерінде өтеді (Легкий, 2021: 9).

Польша Республикасы Елшілігі өкілдігі Қостанайда белсенді қызметін Мечислав Романьскийдің арқасында атқарды. Ол өзімен қатар жұмысқа Тадеуш Козел, Эрнст Вильгельм Марцелович, Дорош Ванда Антоновна, Покладский

Станислав Гипалитович, Матвиновская Кристина Якубовнаны орналастырды. 1942 жылы шілденің 23-ші жұлдызында Мечислав Романьский Қостанай облысында кеңес үкіметінің рұқсатынсыз өлке туралы экономикалық және саяси жағдай туралы құнды мәліметтерді жинап, “тыңшылықпен айналысты” деп айыпталды (Легкий, 2024: 148).

Романьский бірнеше рет тергеушіге жауап беріп, өзін ақтап қалуға тырысады. 1942 жылдың 29 шілдесінде Елшілік өкілдігі бірде бір астыртын қызмет атқармағанын айтты. Дегенмен, тергеу барысында Романьский поляктардың соғысқа, кеңес үкіметіне және эмиграциядағы Польша Республикасы үкіметіне деген саяси көзқарастары және Ішкі Істер Халық Комитетімен байланыс орнатқан поляктардың тізімін дайындап, есеп беруге міндеттелгенін мойындауға мәжбүр болды. Дегенмен, Романьский бірде бір есепті жөнелтпеген болып шықты. 1942 жылы шілденің 31-нде тергеушіге берген жауабында ол Елшілік өкілдігіне Қостанайда өмір сүретін поляктардың әлеуметтік тұрмысы туралы баяндама жеткізу қажет екендігін де мойындады. Романьский Қостанайдағы Жетіқара ауданындағы алтын өндірісі туралы тың мәліметтерді жинаумен айналысқандықтан, тергеуші Рупасов бұл істі тыңшылық деп бағалаған. Романьский бұл іс үшін оған тыңшы деген саяси айдар тағатынын күтпегенін білдірді (Легкий, 2021: 365-367).

Польша Республикасының Қостанайдағы елшілігі өкілдігінің басшысы М.Ф. Романьский поляк балаларына мектеп ашумен көзге түскен деген дерек те кездеседі. Романьский кеңес билігінің мақұлдауын күтпей-ақ біраз мектептерді поляк балаларына арнап салған еді. Тергеу жүргізілгенде тергеуші бұл істі де бетіне салық қылды.

Онымен қоса, Романьский “Скаут” атты 80 баладан тұратын жастар ұйымын құрды. Бұл ұйымның құрылғанын кеңес билігі білмеген. 1942 жылы ақпанда немесе наурызда елшілік кішкентай шіркеу ашты. Бұнда кішкентай балалар діни рәсімдер өткізе алды. Арнайы діни үгіт-насихат жүргізіліп, ксёндз деген қызмет те енгізілген. Лучицкий Луцянь ксёндз міндеткерлігін өз мойнына алған. Ванда Дорош “Скаут” атты жастар ұйымының төрайымы болды. Ол Қостанайда балаларды дінге үйретті. Бұл ұйым кеңес билігінің рұқсатынсыз құрылған. 1942 жылы 23 шілдеде Польша Республикасы Елшілігі өкілдігі қызметкерлерін тұтқындап, елден шығару жөнінде шешім шығарылды (Кенебаева, 2020: 282).

Романьскийден басқа да елшіліктің қызметкерлері түрлі себептерге байланысты қуғын-сүргін көреді. Кейбір қызметкерлер поляктарды соғысқа аттандырмау үшін әскерге шақырылудан жасырып, Польша Республикасының азаматы атты құжатты заңсыз берді деп айыпқа ілінді. Олардың қатарында Грабарский Нафтула Аврулович, Мальковяк Адольф Янович, Брошак Петр Стефановичке кейбір поляктарға Кеңес Одағының азаматы бола тұра, Польша Республикасының азаматы деген құжатты елшіліктен алған (ЦГА РК. Ф. Р-1146. Оп. 1. Д. 287. Л. 334.). Сол сияқты Поляк Республикасы Елшілігі өкілдігімен қарым-қатынас орнатқан азаматтарды тергеп, жауапқа тарту қалыпты іске айналған. Иллевич Регина Антоновна поляк елшілігі өкілдігінің қызметкерлері В.Э. Плоскиймен, В.Ф. Матусевичпен, Е.В. Малиновскаямен, П.Ф. Лендермен байланыс орнатып, Германияға қарсы соғыста Кеңес Одағына жеңіліс тіледі деп айыпталды. Плоский Витольд Эдмундовичке Қызылжарда (Петропавлда) “жарық бөлме” атты ұйым құрып, халықты Англиядан алынған антикеңестік мазмұндағы газеттерді таратып, халық санасын уландырды, тыңшылықпен айналысты, одан басқа КСРО азаматтарына Польша Республикасының азаматы деген төлқұжаттарды таратты деген жала жабылды (Польские спецпоселенцы, 2022).

1942 жылғы 28 қаңтарда Кеңестік Қазақстанда 103757 поляк елде тұрды (Рысбеков, 2018: 4). Поляктардың көбісі арнайы қоныс аударушы мәртебесін алды. Олардың мүдделерін қорғағандар қуғын-сүргінге ұшырады. Кеңес қызметкерлерінің бұйрығына құлақ аспаған азаматтар, тергеу мен соттан жалтарды, кеңес билігінің абыройын төкті, тыңшылықпен айналысты деген сынды саяси айыптарды өз мойындарымен көтерді. Тегі поляк азаматтар соғыс уақытында Кеңес Одағына жеңіс тілемей, кеңес үкіметіне көмектеспей, жауға тілектес болды, антикеңестік үгіт-насихат жүргізді деп айыпталды. Польша Республикасы Елшілігі өкілдігі қуғын-сүргін көрсе де, елде қоғамдық қызметтермен айналысып, саяси үдерістердің бел ортасында жүріп, кеңес қызметкерлерін әуре-сарсаңға салып, олармен есептесуге мәжбүр еткізді. Көпшілік азаматтар қуғындалса да, қоғамдық маңызды орындар салынды және поляктардың әлеуметтік жағдайы мен тұрмысы біртіндеп арта түсті. Иосиф Сталин 1944 жылы 31 желтоқсанда Польша Республикасының Уақытша үкіметін жария қылған соң, Лондондағы поляк үкіметімен бай-

ланысын күрт азайтады. Соғыстан кейін социалистік Польша Республикасын құруға дайындық жұмыстарын бастап кетеді (Дыбковская, 1995: 301).

Қорытынды

Көпшілік қызметкерлерге жала жабылып, оларды қуғын-сүргінге ұшырату арқылы ақыры Елшілік өкілдігінің қызметін әбден тарылтып, елдің өміріне араласуына тосқауыл қойды. Бұл жағдай кеңестік биліктің поляк диаспорасын бақылауға алу саясатының бір көрінісі еді.

1943 жылы Катин оқиғасы туралы ақпарат әлемге жарияланған соң, кеңес билігі эмиграциядағы Польша Республикасымен бар дипломатиялық байланыстарды үзіп тастап, бар поляктарға кеңес азаматы төлқұжаты таратқан. Польша Патриоттар Одағы құрылып, кеңес билігі «поляк мәселесін» өз қолына алған. Ол ресми түрде поляк халқының мүддесін қорғаушы ұйым ретінде көрсетілгенімен, іс жүзінде кеңес билігінің бақылауындағы құрылым болды.

Аталған репрессиялық іс-шараларының себеп-салдарын түсінуге болады. Бірақ сол қызметкерлердің тыңшылықпен айыпталуы сол замандағы кеңес билігінің көп жаланың бірі болып көрінгенмен, бөгде ұлт өкілдерінің елдің ішкі саясатына араласу қаупінен туындаған әрекет еді. Польша Республикасы поляктардың кеңес билігінің поляк ұлтына қатысты жасаған әділетсіз саясатын әшкере етіп, әлемге паш еткі-

сі келген. Мечислав Романьскийдің Қостанайда алтын өндірісі туралы мәліметті жинаған үшін «тыңшы» деп айыпталуы кеңес билігінің Елшілік өкілдігінің одан да артық бағалы ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігінен қорыққандығымен түсіндіруге болады.

Онымен қоса, бұл ұйымның кеңес билігінен гөрі тиімдірек шаруашылық және әлеуметтік істерді атқара алуы да кеңес билігінің көңілінен шықпағаны түсінікті. Елшілік өкілдігі мектеп, балабақша және түрлі ұйымдарды салып, поляктардың көңілдерінен шыққан еді. Поляктарға арналған түрлі дербес саяси ұйымдардың ұзақ уақыт бойы қызмет етуі әміршіл-әкімшіл жүйеде мүмкін емес еді. Елшілік өкілдігінің кеңес билігімен салыстырғанда әлеуметтік мәселелерді тиімдірек еңсеруі кеңес билігінің абыройы мен беделіне нұқсан келтірді.

Осылайша, Қазақстандағы Польша Республикасы Елшілігінің өкілдері поляк халқына барынша қамқоршылық танытуға тырысты. Елшілік өкілдігі поляктарға пана болумен қатар, поляктардың кеңес үкіметіне қатысты саяси көзқарасы, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай туралы материал жинаумен айналысқан. Соңғысы жекелеген қызметкерлердің қудалануына алып келді. Әміршіл-әкімшіл жүйе шетелдік ұйымның ары қарай өмір сүруіне мүрсат бере алмайтындығы түсінікті болды. Аз уақыт өмір сүрсе де, Елшілік өкілдігі поляктардың әлеуметтік жағдайын арттырумен қатар, ұлттық санасын сақтап, жаңғыртуға үлесін қосты.

Әдебиеттер

- Абуов Н.А. (2023) Политический статус и миграции депортированных граждан Польши в 1940–1946 гг. в СССР // Феномен многонационального Советского Союза: история, наследие и социальная память. К 100-летию образования СССР. Материалы международной научной конференции. Саратов. С. 145–152.
- Губайдуллина М.Ш., Исова Л.Т., Кульбаева А.Т. (2020) Польские делегатуры в Казахстане в годы Второй мировой войны: Алма-Ата и Семипалатинск // Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 4: История. Регионоведение. Международные отношения. Волгоград. Т. 25. № 1. С. 84–96.
- Губайдуллина М.Ш. (2018) Қазақстан аумағындағы соғыс жылдары орын алған «поляк мәселесінің» саяси-дипломатиялық аспектілері // edu.e-history.kz электрондық ғылыми журналы. Алматы. № 2 (14). Б. 29–37.
- Дыбковская А., Жарын М., Жарын Я. (1995) История Польши с древнейших времен до наших дней / Под ред. Анны Сухени-Грабовской и Эугениуша Петры Круля. Варшава: PWN. 381 с.
- Иванов Ю.В. (2012) Польские дети СССР во время Второй мировой войны // Новая и новейшая история. Москва. № 2. С. 44–52.
- Кенебаева Г.М. (2020) Польская делегатура в Кустанайской области в 1941–1943 гг. // Великий подвиг народа по защите Отечества: вехи истории. Сборник научных статей. Екатеринбург. С. 280–284.
- Көкебаева Г.К., Сманова А.М. (2013) Кеңес өкіметінің поляк халқына қарсы жазалау саясаты // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. Алматы. № 3 (70). Б. 62–69.
- Легкий Д.М., Логвинчук А.А. (2024) «Уполномоченных штаба польской армии в Кустанайскую область...»: к истории формирования армии генерала Андерса в Казахстане в годы Второй мировой войны // Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 4: История. Регионоведение. Международные отношения. Волгоград. Т. 29. № 3. С. 138–152.

Легкий Д., Хазбиевич С., Беркимбаева А. (2021) Польская делегатура в Казахстане в 1941–1943 гг.: военная эпоха и дипломаты в документах (на примере Кустанайской области Казахской ССР). 2-е изд. Костанай: Костанайский печатный двор. 676 с.

Польские спецпоселенцы в Северо-Казахстанской области (1936–1955 гг.). (2022) Сборник архивных документов и материалов / Сост. Л.А. Гривенная, В.В. Чинишилов. Алматы: Литера-М. 384 с.

Попечительская деятельность Посольства Республики Польша в Куйбышеве на территории Казахстана (1941–1943 гг.). (1996) // *Polacy w Kazachstanie = Поляки в Казахстане: Historia i Współczesność*. Вроцлав. С. 366–369.

Рысбеков Т.З., Қайралы Қ.Қ. (2018) Батыс Қазақстанға депортацияланған халықтар (1937–1945 жж.) // БҚМУ хабаршысы. Орал. № 1. Б. 1–7.

Степаненко Н.В. (2015) Представительство Польши в Актюбинске в годы Великой Отечественной войны (1941–1943 гг.) // *Польские дипломаты в Казахстане 1941–1943 годы. Сборник статей и документов*. Астана. С. 39–48.

Худзю Х. (2015) Из Сибири в свободный мир через польские представительства в Казахстане // *Польские дипломаты в Казахстане 1941–1943 годы. Сборник статей и документов*. Астана. С. 13–17.

Yensenov K.A., Naimanbayev B.R., Orazbakov A.Zh., Nurbekova R.K., Bulgynbaeva A.K. (2022) Rehabilitation of deportees to Kazakhstan // *Transnational Press, London*. Vol. 19. No. 5. P. 667–676.

Zhumatay G., Yskak A., Magier D., Kruszynski M. (2024) The deportation of the Poles to Kazakhstan: ethnic cleansing, collective suffering, and cultural assimilation // *Historia i Świat*. Vol. 13. P. 413–438.

Архив деректері

АПРК. Ф. 708. Оп. 6/2. Д. 117. Л. 115.

ЦГА РК. Ф. Р-1146. Оп. 1. Д. 287. Л. 334.

References

Abuov N.A. (2023) Political status and migration of deported Polish citizens in 1940–1946 in the USSR // *The Phenomenon of the Multinational Soviet Union: History, Heritage and Social Memory. Proceedings of the International Scientific Conference dedicated to the 100th anniversary of the USSR*. Saratov. P. 145–152. (in Russian)

Gubaidullina M.Sh., Isova L.T., Kulbaeva A.T. (2020) Polish delegations in Kazakhstan during the Second World War: Alma-Ata and Semipalatinsk // *Vestnik of Volgograd State University. Series 4: History. Regional Studies. International Relations*. Vol. 25. No. 1. P. 84–96. (in Russian)

Gubaidullina M.Sh. (2018) Political and diplomatic aspects of the “Polish question” during the war years in Kazakhstan // *edu.e-history.kz: Electronic Scientific Journal*. No. 2 (14). P. 29–37. (in Kazakh)

Dybkovskaya A., Zharyn M., Zharyn Ya. (1995) History of Poland from ancient times to the present day. Ed. by A. Sukheni-Grabovskaya, E. Petra Krul. Warsaw: PWN. 381 p. (in Russian)

Ivanov Yu.V. (2012) Polish children in the USSR during the Second World War // *Modern and Contemporary History*. No. 2. P. 44–52. (in Russian)

Kenebaeva G.M. (2020) Polish delegation in the Kostanay region in 1941–1943 // *The Great Feat of the People in Defense of the Fatherland: Milestones of History. Collection of scientific articles*. P. 280–284. (in Russian)

Kokebaeva G.K., Smanova A.M. (2013) Punitive policy of the Soviet authorities against the Polish people // *QazUU Bulletin. History Series*. No. 3 (70). P. 62–69. (in Kazakh)

Legkii D.M., Logvinchuk A.A. (2024) Authorized representatives of the Polish Army Headquarters in the Kostanay region... // *Vestnik of Volgograd State University. Series 4*. Vol. 29. No. 3. P. 138–152. (in Russian)

Legkii D., Khazbievich S., Berkimbaeva A. (2021) Polish delegation in Kazakhstan in 1941–1943: the military era and diplomats in documents. 2nd ed. Kostanay. 676 p. (in Russian)

Grivennaya L.A., Chinishilov V.V. (eds.). (2022) Polish special settlers in the North Kazakhstan region (1936–1955). Collection of archival documents and materials. Almaty. 384 p. (in Russian)

Trusteeship activity of the Embassy of the Republic of Poland in Kuibyshev in Kazakhstan (1941–1943) (1996) // *Poles in Kazakhstan: History and Modernity*. Wrocław. P. 366–369. (in Russian)

Rysbekov T.Z., Qairaly Q.Q. (2018) Peoples deported to Western Kazakhstan (1937–1945) // *Bulletin of WKU*. No. 1. P. 1–7. (in Kazakh)

Stepanenko N.V. (2015) Representation of Poland in Aktobe during the Great Patriotic War (1941–1943) // *Polish diplomats in Kazakhstan, 1941–1943. Collection of articles and documents*. Astana. P. 39–48. (in Russian)

Hudzio H. (2015) From Siberia to the free world through Polish representations in Kazakhstan // *Polish diplomats in Kazakhstan, 1941–1943*. Astana. P. 13–17. (in Russian)

Yensenov K.A., Naimanbayev B.R., Orazbakov A.Zh., Nurbekova R.K., Bulgynbaeva A.K. (2022) Rehabilitation of deportees to Kazakhstan // *Transnational Press, London*. Vol. 19. No. 5. P. 667–676. (in English)

Zhumatay G., Yskak A., Magier D., Kruszynski M. (2024) The deportation of the Poles to Kazakhstan: ethnic cleansing, collective suffering, and cultural assimilation // *Historia i Świat*. Vol. 13. P. 413–438. (in English)

Archival sources

АПРК. Ф. 708. Оп. 6/2. Д. 117. Л. 115.

CGA RK. F. R-1146. Op. 1. D. 287. L. 334.

Автор туралы мәлімет:

Бисембайұлы Мирас – PhD студент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ. E-mail: bissembaiuly7776@mail.ru)

Information about author:

Bissembaiuly Miras – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty. E-mail: bissembaiuly7776@mail.ru)

Сведения об авторе:

Бисембайұлы Мирас – PhD-студент, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: bissembaiuly7776@mail.ru).

Келін түсті: 25.02.2025

Қабылданды: 25.11.2025